

ЗЕРГЕРЛІК АТАУЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Зергерлік өнер – дәстүрлі мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Өнердің бұл түрі халықтың өмірімен, шаруашылығымен, таным-түсінігімен тікелей байланысты. Халық арасында зергерлік өнерді киелі деп тану қалыптасқан. Себебі, ол қанмен берілетін, тылсым сыры бар кәсіп. Зергерлердің аса көп жасайтыны – әйелдердің әшекей бұйымдары болып табылады. Зергерлер негізінен қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған әйелдердің әшекей бұйымдарын жасауда әдемілік жағын ғана емес, сондай-ақ, діни-идеологиялық, әдеп-ғұрыптық, салт-дәстүрлік маңыздылықтары да ескеріліп отырған. Зергерлік бұйымдарды дайындауда негізгі материал ретінде тіл-көзден, пәле-жаладан сақтайтын тылсым күші бар, қасиеті бар деп танылған алтын, көбінесе күмісті пайдаланған. Осылайша, зергерлік бұйымдар әрі әсемдік, әрі тіл-көзден сақтау, тазалық мақсатында қолданылған.

Ғалым Ж.А.Манкеева зергерлік бұйымдарды саралау бағытында, әйелдерге қатысты зергерлік бұйымдарды шартты түрде:

1. Бас киімге тағылатын зергерлік әшекейлер;
2. Шашқа тағылатын зергерлік әшекейлер;
3. Сырт киімге тағылатын зергерлік әшекейлер;
4. Бойға тағылатын зергерлік әшекейлер;
5. Қолға тағылатын зергерлік әшекейлер, – деп беске бөлген [1,307].

Әйелдер әшекейінің ішінде ең көп тарағаны – сырға. Сырға – әйелдердің құлағына тағатын қымбат металлдан және асыл тастан жасалған зергерлік бұйым. Сырға сөзінің түп-төркіні тереңде жатыр. Ертеде қыз-келіншектер қауымы өздерінің сырларын жеңгелеріне немесе құрбыларына ақтаратын болған. Сыр – адамның өзіне ғана белгілі құпия ойы. Айтылған сырдың ешкімге белгілі болмауы үшін «сырға берік бол» деген сөзбен сырды тындаған немесе тосыннан естіп қалған қызға құлаққа тағатын әшекейін сыйлаған деседі. Құпия – сырды сақтау, ел арасына тарап кетпеу мақсатымен берілген сол әшекей халық арасында «сырға» деп аталып кеткен.

Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан Тоғжан, мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы шолпандай [2,144]. Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі-жас түлегі, айы-күні-сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді [3,5]. Салтанаттың «құлақтағы шілтерлі алтын сырғалары тынымсыз жалтырайды [4,149].

Осы бір мысалдарда авторлар әйел бейнесін көркем етіп бейнелеуде сырға әшекейін орынды қолдана білген. Сырға – әйелге әдемілік пен әсемдік беретінін байқауға болады.

Зергерлік бұйымдардың ішінде бүгін де маңыздылығын жоғалтпағаны – білезік. Білезікті бір қолға немесе қос қолға да тағуға болады. Білезікті тағудың да өзіндік мән-мағынасы бар. Ертеде әжелеріміз білезікті буын ауруларының алдын алады деп таққан. Және де білезік қолдың тазалығын күшейтеді, жын-перілерді алыстатады деп сенген. Білезік адам бойындағы күш-қуатты сақтайтын бұйым деп танылған. Қазақта бәле-жала әйелдің шашы немесе құлағы арқылы кірсе, күш-қуаты ақырындап алақан арқылы сыртқа шығады деген сенім қалыптасқан. Сондықтан, әжелеріміз соңғы күш-қуатынан айырылудан қорқып, білезігін қолынан тастамайтын болған. Білезіктердің: сом білезік, жұмыр білезік, қарта білезік, қақпақ білезік, бес білезік, сағат білезік деген түрлері бар. Білезіктер алтын, күміс секілді бағалы металдардан соғылады.

Білезік сөзі білек пен жүзік деген сөздерден құралған. Мұндағы білек сөзі, кейбір зерттеушілердің түсіндіруінше, бел сөзінен шыққан, ал басқа бір зерттеушілер бұл сөзді көне түркі тілдерінде кездесетін “орау, орап байлау” мағынасын беретін біле етістігімен байланыстырады. Сөздің екінші бөлшегі жүзік кейбір түркі тілдерінде йүзік, дүзік болып айтылады. Оның түбірі-йүз

болу керек, ол қазірде де қазақ тілінде жүз түрінде қолданылады да, “бет, аяр” дегенді білдіреді. Сөйтіп, білек пен йүзік сөздері қосылып, білек+йүзік-білезік болып өзгерген тәрізді [5,64].

Тоғжанның құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы қамшат бөркі, білек толған неше түрлі білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір нәрсесі сияқты [2,108]. Тоғжан да білезікке толы аппақ жұмыр білегін табакқа қарай сирек созады [2,112]. Би қызыма алты қанат ақ отаудың сүйегін жасап, тұсап, ішін жасаулап бер, алтын, күмістен білезік, сырға, алқа соғып бер дейді [6,360].

Жоғарыдағы мысалдарда білезікті тек қана жасы ұлғайған әйелдердің ғана емес, сонымен қатар, жас қыздардың да таққаны байқалады. «Қолдың сәні – білезік» демекші, ертеде бұл қазақ әйелдері мен қыздарының ең көп тұтынатын бұйымы болған.

Зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейлерінің бірі – жүзіктер. Жүзіктерді сиқырлы күші бар зат деп қарастыру Шығыс халықтары арасында кеңінен таралған түсінік. Кез - келген әйел ас тазалығы үшін күміс сақина не жүзік салып жүруге тиіс болды. Қазақта қолында күміс білезік немесе жүзігі жоқ әйелдің істеген тағамы таза емес, арам деген дәстүрлі түсінік болған. Халқымыздың: «Тамақ адал болуы үшін қолда жүзік болуы керек»-деген қағидасы осы түсінікке негізделген. Әдетте, жүзіктердің үш-төртеуі сәндік үшін киілген. Түр-түсіне қарай жүзіктер мынадай болып аталады: құдағи жүзік, күмбезді жүзік, шытыралы жүзік, бағдарлы жүзік, лажылы жүзік, көзді жүзік т.б.

Әшекейге түрлі асыл тастан көз орнатқандықтан, көзді, яғни жүзді болып келуіне байланысты жүзік сөзі туған деген түсінік бар. Орнатылған көз сол бір бұйымға өң, әлпет, түр беріп тұрғандай әсер қалдырғанға ұқсайды. Аңыздар мен қиял-ғажайып ертегілерде жүзікке орналастырған көзден кісі жүздерін көріп, ақпарат алмасып отыра алатын таңғажайып мүмкіндік болған.

Жүзік сөзі қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, өзбек, түрікпен, түрік тілдерінде де бар. Мұның түбірі жүз. Ол буын деген мағынаны білдірген. В.Радлов сойот тілінде жүс-буын, алтай, телеут тілдерінде жүстук-сақина, жүзік деп көрсетеді. Хакас, тува тілдерінде бұл сөз чустук болып айтылады. Чус-тува тілінде бармақтың буыны. Хакас тілінде с-дыбысы л-ға алмасып чул болып айтылады. Н.Ф.Катанов бұл сөздің алғашқы түрі чускук дейді. Сөз ортасындағы к дыбысы түсіп қалып, қатаң с ұянданып з-ға айналып айтылып жүр. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде фонетикалық құрылыстың ерекшеліктеріне сай жүзік-жузик болып айтылады.

Махмуд Қашғаридың сөздігінде үксүк, уүксүк-әйелдердің іс тіккенде бармағының басына киетін оймақ делінген. Уүксүк сөзі “оймақ” мағынасында қазіргі азербайжан, түрік тілдерінде қолданылады. Қазақ тілінде оймақ кигізетін екінші бармақты сұқ қол дейді. Біздің ойымызша, уүксүк сөзі, о баста уүй+күк болуы керек те, с-к дыбыстарының метатезаларынан к-с болып, осы форма тууы мүмкін. Сөйтіп, қазіргі тілдердегі чустук, юзик, уйзик, жүзік болып атылып жүрген сөз көне уүксүк сөзінің фонетикалық семантикалық өзгеруінен туған болуы керек [5,95-96].

Жүзіктің беті түрлі тастармен әсемделеді. Қазақ әшекейлерінде олар «тас» немесе «көз» деп аталады. Халқымыз әшекейге орнатылған тасқа адамның көзі түсіп, ол оны тіл-көзден қорғайды, себебі, онда сиқырлы күш бар деп санаған. Қайсар әйелдің амалсыз жерде айла тауып кеткеніне бұл іштей сүйсініп отыр, әйел аппақ қолын жүзіне апара бергенде, сүйіктің саусағынан қызыл шоқтай лағыл жүзік жарқ етті [7,6]. Осы мысалда әйелдің сұлулығына тамсанып отырған адамның, көзі оған емес, жүзікке түскенін байқауға болады.

Қорыта келгенде, зергерлік – өте ертеден келе жатырған өнер саласы. Әсіресе, оған қазақ халқы көп көңіл аударады. Зергерлік бұйымдар – халықтық қолданбалы өнеріміздің ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Қазақтың қанына сіңген зергерлік өнер мен ұлттық болмысымыздың жақұтындай болған зергерлік бұйымдар – ұлтымыздың мол мәдени мұрасы. Темірден түйін түйген шеберлер мен зер қадірін білген зергерлер қазақ даласында кем болмаған. Олар зергерлік бұйымдардың әрқайсысына әдемілікпен қоса, мән-мағына беріп жасаған.

Бар әдемі құндылықтарды сырттан іздемей, оны өзіміздің асыл мұралардан іздеу, оны жандандыру, қалпына келтіру, қазақтың әрбір зергерлік мұрасын, ұлттық мәдениеттанулық деңгейге көтеру – бүгінгі күнгі көкейкесті, өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі таңда жаһандану заманында қазақтың зергерлік бұйымдарын жан-жақты әсіресе этнолингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеудің, оның мәнін ашудың ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» бас-пасы, 2014. – 640 бет.
2. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 376 б.
3. Аймауытов Ж. Ақбілек: повесть, роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.
4. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. 2-кітап. Абай/ М. Әуезов. . – Алматы: Жазушы, 2002. – 328
5. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
6. Кекілбайұлы. Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы, 2010. – 312 б.
7. Кекілбайұлы. Ә. Ханша-Дария хикаясы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б.

Сеитова Меруерт

Академик Е.А. Бөкетов ат. ҚарУ магистранты

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.д., профессор
Ш.Мажитаева

Х. ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақ елінің рухани-мәдени өмірінде ерекше із қалдырған А.Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә.Бөкейхан, М. Тынышпайұлы, Е. Омарұлы, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т. Шонанұлы, Н.Төрекұлұлы сияқты асыл азаматтарымыздың өмірі мен еңбектері кейінгі кезде зерттеу жұмыстарының өзегі болып, халық олардың асыл мұраларымен қайта қауышты. Олардың қатарында қазақ халқының қалаулы ұлдарының бірі, зор талан иесі Халел Досмұхамедұлы да бар.

Үстіміздегі ғасырдың 10-20 жылдарында халқына қалтқысыз қызмет еткен «алыптар тобының» көрнекті өкілі қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан «Алаш» қозғалысының көшбасшыларының бірі, жан-жақты ғұлама ғалым, ірі ұстаз, белгілі ағартушы, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы артына мол мұра қалдырған.

Халел Досмұхамедұлы мамандығы дәрігер бола тұрып тек медицина, гигиена салалары бойынша ғана емес, жалпы табиғаттану, анатомия физиология, зоология пәндеріннен мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының шәкірттеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш төл оқулықтардың авторы болып келеді. Ол 20-шақты кітап, 40-тан аса мақала жазған ғалым. Бір ғана «Жануарлар» деген кітабы үш бөлімге бөлініп, әрқайсысы 200-300 беттік үш кітап болып 1922-1928 жылдарда ең кемі екі реттен басылып шыққан. Атақты жаратылыстанушы ғалым Ю. Вангердің анатомия мен ботаника тақырыптарына арналған «Рассказы о том, как устроено и работает наше тело» (1924) және «Рассказы о том, как живут и устроены растения» (1924) деген танымдық еңбектерін қазақшаға аударған.

Солардың бәрін жиып-теріп, оның ғылыми-теориялық пайымдауларын, практикалық ой-ізденістерін, қазақ тіл біліміне қосқан үлесін зерттеп, анықтау – кейінгі ұрпақтың парызы. Ұлт мәдениетінің осы саладағы зәру мәселелерін зерттеп, ілгері дамытудағы ғылымның құнды ғылыми еңбектерін елеп-екшеп, қосқан жаңалықтарын зерделі көзбен қарауды қажет етеді.

Ғалым бір мақаласында: «Бұл дүниеде түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі», – деп жазған екен.

Көсем тұлғаның дәл осы сөзін өзіне бағыштап айтуға болады. Х.Досмұхамедұлының мол мұрасын зерттеп, оның ғылыми дәстүрін әрі қарай жалғастыру – жас буын өкілдерінің перзенттік парызы.

Тіл тағдырына байланысты терминология мәселесін қайтадан, қоғамдық-әлеуметтік өмірмен санаса отырып қарастыру туралы Ә. Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде терминология мәселесіне жарты ғасырдан кейін оралуға мәжбүрлік туғызып отырған үш себепті атап көрсетті [1, 89].

Осы еңбектегі принциптерде айтылған пайымдаулар Халел еңбектеріндегі терминдер туралы айтылған пікірлерге сәйкес келеді.

Жоғары оқу орындарына медицина, жаратылыстану саласына арнап алғашқы оқулықтар жазуда, терминдерді жасауда Х.Досмұхамедұлы А.Байтұрсынұлы көрсеткен принциптерді басты бағдар етіп алды.